«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сюрикпаева Асель Ораловнаның - «Тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігінің мәселелері мен даму перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді күрсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сюрикпаева Асель Ораловнаның - «Тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігінің мәселелері мен даму перспективалары» тақырыбындағы орындаған диссертациясы тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігін, әсіресе цифрлық ортадағы тауарлар мен қызметтердің айналымы, онлайн-сауда, платформалық экономиканың тәуекелдері аясында карастырылып, қазіргі таңдағы ғылымды дамытудың басым бағыттарына **толық сәйкес келеді**. Жұмыс ҚР Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен бекітілген ҚР-ның 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының «инновациялар, цифрлық экономика» және «құқық үстемдігі» бағыттарымен, сондай-ақ ҚР Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген ҚР-ның 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасының ұлттық құқықты дамыту міндеттерімен үйлеседі. Сонымен бірге Үкіметтің 2025 жылғы 27 қарашадағы № 1013 қаулысымен бекітілген Сауда саясаты тұжырымдамасында көзделген тұтынушылардың құқықтарын қорғау және электрондық/цифрлық сауданы дамыту күн тәртібінің мақсаттарына **сәйкес келеді**.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету):	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету):	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Жұмыс тұтынушылық қатынастарды цифрлық ортада реттеу мәселесін азаматтық құқық пен тұтынушылар құқығы тоғысында жүйелі қарастырады: цифрлық контент/цифрлық қызмет ұғымдарын ажырату, технологиялық бейтараптық қағидатын енгізу, платформалық нарықтағы манипулятивті тәжірибелердің (dark patterns, fake reviews) құқықтық салдарын бағалау секілді бағыттар ғылыми олқылықты нақтылайды. Әдеби шолу мен салыстырмалы құқықтық талдау шеңберінде халықаралық және шетелдік тәжірибелерге (мысалы, цифрлық контентке қатысты ЕО құжаттары) сүйене отырып, ұлттық заңнамадағы олқылықтарды дәлелдеп, нормаларды жаңартуға бағытталған қорытындылар мен ұсыныстар беріп, заң ғылымының дамуына **елеулі үлесін қосады.** Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы **ашылған**, ал ондағы ұсыныстар заңнаманы жетілдіру мен құқық қолдану тәжірибесін оңтайландыруда қолдануға әбден лайық.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс ғылыми талаптарға сай өзі жазу деңгейі **жоғары** орындалған, авторлық зерттеудің нәтижесі болып табылады. Диссертацияда авторлық үлес тексерілетін белгілер арқылы байқалады: (а) зерттеудің әдіснамалық бөлімінде салыстырмалы-құқықтық, статистикалық және социологиялық әдістер қолданылғаны көрсетіледі; (ә) тұтынушылық дауларды сотқа дейін реттеу мәселесінде сауалнама нәтижелері мен пайыздық үлестер келтіріледі (эмпирикалық блок); (б) заңнаманы жетілдіруге бағытталған нақты түзетулер кестесі ұсынылған (Қосымша А). Бұл диссертация ғылыми ізденістің нәтижесі ретінде зерттеушінің өз бетінше әзірлеген, дербес орындалған және жоғары

			дәрежеде академиялық адалдық сақталғанын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен **негізделген.** Себебі, цифрлық нарық пен онлайн-сауданың өсуі, цифрлық тауарлар/қызметтердің көбеюі, сондай-ақ онлайн ортадағы тәуекелдермен дәлелденеді; статистикалық деректер арқылы да негіздеме берілген. Сонымен бірге, құқықтық саясат пен тұтынушыларды қорғау саласындағы стратегиялық құжаттарға сүйену зерттеу проблемасының мемлекеттік маңызын ашады.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Зерттеу тақырыбының мазмұны мен оның жоспары өзара үйлесімділігімен ерекшеленеді. Диссертацияны талдау барысында зерттеудің мазмұны тақырыпты жан-жақты әрі нақты **айқындайды**. Жұмыс өзара тығыз байланысты үш негізгі бөлімге бөлінген. Әр бөлім зерттеу мақсаты мен міндеттерін ашуға бағытталған және біртұтас ғылыми құрылымды танытады.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен қойылған ғылыми міндеттері таңдалған тақырыпқа толық сәйкес **келеді.** Автор зерттеу барысында цифрлық ортада тұтынушылар құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыру үшін заңнаманы жетілдіруді мақсат қылып, міндеттер қатарында институт эволюциясын талдау, шетелдік тәжірибені зерделеу, сотқа дейінгі реттеу мен моральдық зиян институтын жетілдіру туралы ұсыныстар берген. Бұл диссертацияның ғылыми мазмұны мен құрылымының өзара үйлесімділігін және зерттеудің бағыт-бағдарының дұрыс таңдалғанын көрсетеді.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық **толық байланысқан.** Әр бөлім алдыңғы бөлімнің жалғасы ретінде дамып, зерттеу мақсатына жүйелі түрде жетуге бағытталған. Мұндай құрылым жұмыстың тұтастығын сақтап, ғылыми дәлдік пен
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

			қисындылықты камтамасыз етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа ғылыми тұжырымдар, қағидаттар мен әдістер тиісті дәрежеде негізделіп, ғылыми дәлелдермен бекітілген, **сыни талдау бар**. Зерттеу барысында шетелдік стандарттарды енгізу кезінде (цифрлық контентті реттеу, моральдық өтемақыны айқындау, манипулятивті тәжірибелер) салыстырмалы талдау жүргізіліп, Қазақстанға бейімдеу уәждерін келтірілген. Мұндай тәсіл зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығын, теориялық маңызын және практикалық құндылығын арттыра түседі.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдалған ережелердің **толығымен жаңа** екендігі байқалады. Автор цифрлық контент пен цифрлық қызмет ұғымдарын нақтылап, платформалық ортадағы тұтынушыларды қорғауға қатысты бірқатар жаңа анықтамалар мен категориялар ұсынады; бұл – ұлттық құқықта жеткіліксіз қамтылған институттарды жүйелеуге бағытталған нәтиже болып, диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалық дәрежесін көрсетеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық жұмыста ұсынылған қорытындылар **толығымен жаңа** және зерттеу барысында тұтынушылардың цифрлық және материалдық құқықтарын технологиялық бейтараптық тұрғысынан бірізді қорғау, дауларды сотқа дейін реттеуді күшейту, моральдық зиян институтын қолдануды нақтылау секілді тұжырымдарының жаңаша пайымдалған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыста техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері тікелей карастырылмағанымен, заңнамаға цифрлық контент/қызмет, манипулятивті интерфейс, жалған пікірлер, сотқа дейінгі тәртіп, әкімшілік жауаптылық тетігі секілді ұсынылған өзгерістер, Қазақстан
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			практикасы үшін маңызы жоғары. **толығымен жаңа,** қолданбалы жаңалық болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған барлық негізгі қорытындылар жеткілікті ғылыми дәлелдемелермен **негізделген**. Негізгі қорытындылар көп құрамды дереккөздермен негізделеді: ұлттық нормативтік актілер (азаматтық және тұтынушылық заңнама, салалық кодекстер), салыстырмалы құқық (шетелдік тәжірибе мен халықаралық тәсілдер), социологиялық сауалнама нәтижелері және сот статистикасына сүйенім бар.Автор алдымен құқықтық олқылықтарды анықтайды (цифрлық контент/қызметті реттеудің жеткіліксіздігі, онлайн ортадағы манипулятивті тәжірибелер), кейін оларды салыстырмалы талдау арқылы өлшейді және соңында Қосымша А түріндегі нормашығармашылық ұсыныстарға логикалық түрде әкеледі. Зерттеу басым түрде сапалық-құқықтық сипатта болғанымен, келтірілген дәлелдемелер жиынтығы қорытындылардың негізділігін жеткілікті деңгейде қамтамасыз етеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ;**	Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар: **Тұжырымдама 1** Автор зерттеу барысында цифрлық орындаудың технологиялық бейтарап функционалдық баламалылығына тоқталған. 7.1. 1) дәлелденді — Кіріспедегі «Қорғауға ұсынылатын ережелер» (1-ереже) және 3-тарау, §3.1-де цифрлық контент/қызмет қатынастары талданып, Қосымша А-дағы ұсыныстармен құқықтық тетігі нақтыланған. 7.2. 2) жоқ — қолданыстағы тұтынушылар заңнамасында «цифрлық орындауға» тең құқықтық қорғау презумпциясы мен кері дәлелдеу ауыртпалығын сатушыға жүктеу арнайы бекітілмегені көрсетіледі.

		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.3. 1) ия — технологиялық бейтараптық қағидатын нормативтік деңгейде енгізу және цифрлық объектіні тауар/жұмыс/қызмет ретінде танудың ұсынылған конструкциясы жаңалық ретінде тұжырымдалған. 7.4. 3) кең — ұсыныс материалдық тауарлармен қатар цифрлық контент, цифрлық қызмет, платформалық қызметтер сияқты тұтынушылық мәмілелердің барша сегментіне қолданылады. 7.5. 1) ия — «Диссертация нәтижелерінің апробациялау» бөлімінде зерттеудің негізгі тұжырымдары ғылыми мақалаларда жарияланғаны көрсетіліп, цифрлық ортадағы тұтынушы құқықтары проблематикасымен ұштасады. **Тұжырымдама 2** Дауларды сотқа дейінгі реттеу тетігін күшейту және міндеттілігін айқындау. 7.1. 1) дәлелденді — Кіріспедегі «Қорғауға ұсынылатын ережелер» (2-ереже) және 2-тарау, §2.2-де тұтынушының шағымдану тәртібі мен сатушының жауап беру міндеті негізделіп, Қосымша А-да 42-4-бапқа толықтырулар ұсынылған. 7.2. 2) жоқ — дауды сотқа дейін реттеудің екі тарап үшін міндетті тәртібін нақтылап, одан жалтарғаны үшін әкімшілік-құқықтық салдар енгізу қазіргі реттеуден туындамайтын, дербес шешім ретінде сипатталады. 7.3. 1) ия — сатушыны (өндірушіні, платформалық жеткізушіні) негізсіз бас тартқаны немесе мерзімінде жауап бермегені үшін жауаптылықты күшейту туралы ұсыныс тұтынушыға қолжетімді қорғаныс моделін жаңаша толықтырады. 7.4. 3) кең — механизм офлайн және онлайн саудадағы, соның ішінде платформалық делдалдықтағы дауларға қолданылатын әмбебап процедура ретінде ұсынылған.

			7.5. 1) ия — апробация бөлімінде зерттеудің негізгі тұжырымдары жарияланғаны көрсетілін, онлайн дауларды шешу және тұтынушы дауын реттеу тақырыптарымен байланыстырылады. **Тұжырымдама 3** Моральдық зиянды өтеуде «моральдық зиян презумпциясын» және өтемақының әділ мөлшерін айқындау өлшемдерін енгізу. 7.1. 1) дәлелденді → Кіріспедегі «Қорғауға ұсынылатын ережелер» (3-ереже) және 2-тарау, §2.2-де моральдық зиянды дәлелдеудің күрделілігі талданып, Қосымша А-да 30-бапты толықтыру арқылы презумпцияны бекіту ұсынылған. 7.2. 2) жоқ — тұтынушылық дауларда моральдық зияннын бар-жоғын дәлелдеуді жеңілдету әрі өтемақы мөлшерін сотқа бағдарлайтын өлшемдерді көрсету қолданыстағы нормалардың қарапайым қайталауы емес. 7.3. 1) ия — «моральдық зиян презумпциясы» конструкциясын тікелей заңнама деңгейіне шығару және өтемақы мөлшерін айқындау факторларын бекіту жаңа құқықтық тәсіл ретінде ұсынылған. 7.4. 3) кең — ұсыныс тауар, жұмыс, қызмет (оның ішінде цифрлық) сапасыздығынан туындайтын тұтынушылық талаптардың бәріне тарайды және сотқа дейінгі тәртіпті сақтауды ынталандырады. 7.5. 1) ия — апробация бөліміндегі жарияланымдар тізімі зерттеудің негізгі тұжырымдары ғылыми айналымда талқыланғанын көрсетеді. **Тұжырымдама 4** Табиғи монополиялар саласында жария шарт институтын күшейтін, қызмет көрсетуден бас тартудың шектерін нақтылау.

			7.1. 1) дәлелденді — Кіріспедегі «Қорғауға ұсынылатын ережелер» (4-ереже) және 2-тарау, §2.3-де жария шарттың тұтынушы құқықтарын қорғаудағы рөлі ашылып, Қосымша А-да АК 387-бапқа «объективті техникалық кедергілер» критерийлері мен кепілдіктерді енгізу ұсынылады. 7.2. 2) жоқ — табиғи монополия субъектілерінің тұтынушыға қызмет көрсетуден бас тартуын тек заңды, дәлелденетін негіздермен шектеу (уәкілетті орган растауы, қауіпсіздік, шығындардың өтелуі) — қарапайым түсіндірме емес, құқықтық фильтр. 7.3. 1) ия — «объективті техникалық кедергілердің» мазмұнын заңнамалық айқындау және жеткізушінің негізсіз бас тартуын қысқарту тетігі жаңа құқықколданымдық стандарт ұсынады. 7.4. 3) кең — ұсыныс ТКШ, көлік, телекоммуникация сияқты табиғи монополия сегменттерінде тұтынушыға қызмет көрсету қатынастарының барлығына қолданылады. 7.5. 1) ия — диссертацияның апробациялау бөлімінде негізгі тұжырымдар жарияланғаны көрсетіліп, жария шарт және тұтынушы кепілдіктерін нақтылау мәселелерімен байланысады. **Тұжырымдама 5** Цифрлық контент пен цифрлық қызметті дербес объект ретінде айқындап, сапа/қауіпсіздік және жаңарту міндеттерін бекіту. 7.1. 1) дәлелденді — Кіріспедегі «Қорғауға ұсынылатын ережелер» (5-ереже) және 3-тарау, §3.1-де цифрлық өнімдерге тән тәуекелдер ашылып, Қосымша А-да «цифрлық контент», «цифрлық қызмет» ұғымдарын енгізу және жаңа «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңның 33-3-бап арқылы

			жеткізушінің жаңарту/қолдау міндеттері ұсынылған. 7.2. 2) жоқ — цифрлық өнім үшін «ақшалай төлем не дербес деректер беру» негізін құқықтық факт ретінде тану және сапа өлшемшарттарын белгілеу қолданыстағы нормалардан өздігінен шықпайды. 7.3. 1) ия — цифрлық контент/қызметтің заңнамалық анықтамаларын бекіту және тұрақтылық пен қауіпсіздікке қатысты арнайы міндеттерді енгізу зерттеудің жаңашыл нәтижесі ретінде тұжырымдалады. 7.4. 3) кең — ұсыныс стриминг, бұлтты сервистер, платформалар, жазылымдар сияқты цифрлық нарық сегменттерін және тұтынушы шарттарының басым бөлігін қамтиды. 7.5. 1) ия — апробация бөлімінде зерттеу нәтижелері жарияланғаны көрсетіліп, электрондық коммерция және цифрлық тұтынушы құқығы мәселелерімен сәйкеседі. **Тұжырымдама 6** Цифрлық ортадағы адал емес тәжірибелерді — манипулятивті интерфейстер мен жалған пікірлерді — құқықтық тыйым және жауаптылық арқылы тежеу. 7.1. 1) дәлелденді — Кіріспедегі «Қорғауға ұсынылатын ережелер» (6-ереже) және 3-тарау, §3.2-де «dark patterns» және жалған пікірлер арқылы тұтынушыны адастыру талданып, Қосымша А-да «манипуляциялық интерфейстік тәсіл», «жалған пікірлер» анықтамаларын енгізу және «Жарнама туралы» заңнамада заңсыз жарнама ретінде бекіту ұсынылған. 7.2. 2) жоқ — цифрлық маркетингтегі мінез-құлықтық ықпал ету әдістерін құқықбұзушылық құрамы ретінде бөлу және анықтамасын беру — реттеудің жай

			көшірмесі емес. 7.3. 1) ия — манипулятивті интерфейс пен жалған пікір ұғымдарын нормативтік деңгейде айқындап, тыйым салу/жауаптылық механизмін ұсыну жаңа реттеушілік шешім ретінде қалыптастырылған. 7.4. 3) кең — ұсыныс онлайн-сауда, маркетплейстер, әлеуметтік желілер, жазылым сервистері сияқты цифрлық арналардың бәрінде тұтынушыны қорғауға бағытталған. 7.5. 1) ия — апробация бөліміндегі жарияланымдар зерттеудің негізгі тұжырымдары ғылыми айналымға енгізілгенін көрсетеді.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіснамалық тәсілдер нақты әрі негізделген. Әдіснама бөлімінде диалектикалық әдіс, талдау-синтез, формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, статистикалық және социологиялық әдістердің қолданылғаны көрсетілген; бұл құқықтық зерттеу табиғатына сай негіздеме болып табылады.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін, соның ішінде деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи тәсілдерін қолдану арқылы алынған. Автор зерттеу барысында компьютерлік технологияларды тиімді пайдаланып, талдамалық материалдарды жүйелеу мен салыстырмалы талдау жүргізуде қазіргі ғылыми талаптарға сай әдістерге жүгінген. Бұл зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін арттырып, жұмыстың жалпы ғылыми деңгейін көтереді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияда теориялық қорытындылар мен анықталған өзара байланыстар эмпирикалық деректер арқылы тексеріліп, тәжірибелік материалмен ұштастырылған. Атап айтқанда, зерттеу әдістемесінде социологиялық (эмпирикалық) әдіс сот актілерін, тұтынушылық даулар бойынша шешімдердің тәжірибелік материалдарын және шағымдар статистикасын талдауға бағдарланғаны көрсетілген (Кіріспе, «Зерттеудің әдістемесі және әдістері»).
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, сондай-ақ нормативтік-құқықтық актілер мен ресми дереккөздерге сілтемелер арқылы **расталған**. Диссертацияның маңызды мәлімдемелері сенімді ғылыми әдебиеттерге және нормативтік дереккөздерге жүйелі сілтемелермен негізделген: автор сот статистикасына сүйенген тұжырымдарын және салыстырмалы-құқықтық мысалдарын нақты әдебиетке сілтемелермен бекітеді (мысалы, [149], [153], [154]). Эмпирикалық байқаулардың қисыны шетелдік эксперименттік зерттеулер қорытындыларымен салыстыру арқылы дәлелденген ([150]). Сондай-ақ құқықтық пайымдаулар ұлттық және халықаралық нормативтік актілерге (соның ішінде ЕАЭО туралы шартты ратификациялау жөніндегі заңға) сілтеме жасай отырып тұжырымдалады. Бұдан бөлек, қайталанатын/қасақана бұзушылықтар үшін санкцияларды күшейту қажеттігі де зерттеулермен расталып, тиісті дереккөздер көрсетілген ([151], [152]).
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі диссертациялық жұмыстың әдеби шолуына қатысты **жеткілікті**

			деңгейде қамтылған. Әдебиеттер тізімі ұлттық заңнама, халықаралық және шетелдік дереккөздер, рецензияланатын мақалалар және салыстырмалы материалдарды қамтиды: тұтынушы құқығын халықаралық өлшемде қарастыруға және жұмыс мазмұнының толықтығын қамтамасыз етеді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Автор тұтынушылардың құқықтарын қорғау институтының эволюциясы мен қазіргі құқықтық тетіктерін жүйелеп, цифрлық ортадағы жаңа қатерлерді (цифрлық контент, дербес дерек арқылы «төлем», платформалық манипуляциялар) азаматтық-құқықтық тұрғыдан түсіндіреді; бұл тұтынушы құқығы бойынша отандық ғылыми қорды толықтыруға бағытталған деп бағаланып, диссертацияның теориялық маңызы **бар** екендігін көрсетеді.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы айқын көрінеді. Зерттеу нәтижелері практикалық тұрғыдан нақты нормашығармашылық ұсыныстармен бекітіледі: «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға және өзге актілерге цифрлық контент/қызмет, манипулятивті интерфейстер мен жалған пікірлер, сотқа дейінгі тәртіп, әкімшілік жауаптылық және өзге түзетулер жобасы берілген (Қосымша А). Бұл жұмыстың практикалық маңыздылығы оның ғылыми жаңалығы мен қолданбалы құндылығын арттырады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсынымдар қолданыстағы құқықта жоқ немесе көзделмеген жаңа реттеуші шешімдерді нормативтік деңгейде бекітуге бағытталған. Қосымша А-да тұтынушылар құқықтарын технологиялық бейтарап қорғау қағидатын заңға енгізу (2-1-баптағы жаңа тармақша), сондай-ақ заңнамада болмаған базалық анықтамаларды — «цифрлық
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			орындау», «цифрлық контент», «цифрлық қызмет» ұғымдарын — енгізу ұсынылған. Бұған қоса цифрлық өнімдердің сапасы, қауіпсіздігі, жаңартулар мен қолдау міндеттерін бекітетін жаңа 33-3-бап қарастырылған. Осы блоктағы ұсыныстардың «Жоқ/Көзделмеген» деп белгіленуі олардың қазіргі редакцияда болмағанын айқын көрсетеді және жаңалығын толық дәлелдейді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы **жоғары** деңгейде. Жұмыс құрылымдық жағынан жүйелі рәсімделген: мазмұнда тараулар мен параграфтардың логикалық тізбегі нақты берілген, негізгі бөлімдер (2-тарау және 3-тарау), қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және ұсыныстарды жинақтаған Қосымша А толық қамтылған. Жұмыста «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», сондай-ақ белгілеулер мен қысқартулар сияқты академиялық аппараттың болуы терминдерді біріздендіріп, мәтіннің оқылымдылығын арттырады. Рәсімдеу стандарттарына (ГОСТ 7.32-2017 және т.б.) сүйенудің көрсетілуі ғылыми мәтіннің рәсімдік мәдениеті сақталғанын айғақтайды. Тұжырымдар ресми-ғылыми стильде беріліп, құқықтық терминологияны қолдану бірізділігі қамтамасыз етілген.
11.	Диссертацияға ескертулер		Зерттеу тақырыбының Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның басым бағыттарымен байланысы мәтінде тұжырымдық деңгейде көрінеді, бірақ оны кіріспеде жеке тармақпен нақтылап, дәлелдеу тізбегін күшейткен жөн. Аталған ескерту ұсынымдық сипатқа ие болып, пікір алуандығын білдіреді және зерттеу жұмысының жалпы оң бағасына еш әсерін тигізбейді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдары жеткілікті және мазмұндық тұрғыдан жүйеленген: диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары ғылыми мақалаларда апробацияланған. Диссертация тақырыбы бойынша 7 ғылыми мақала жарық көрген. Атап айтар болсақ, Scopus және Web of science деректер қорына кіретін шетелдік ғылыми басылымдарда 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда 4 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 2 мақала жарияланған. Жарияланымдардың тақырыптық өзегі диссертация нысанымен тікелей ұштасады: тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігін жетілдіру және даму перспективалары, электрондық коммерциядағы тұтынушы құқықтары, цифрлық маркетингтегі жеке деректерді теріс пайдалану тәуекелдері, сондай-ақ Қазақстан мен шет елдердегі тетіктерді салыстырмалы талдау (тұрақты даму нормалары контексінде) сияқты мәселелер жүйелі қарастырылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс материалдарына сүйене отырып, Сюрикпаева Асель Ораловнаның «Тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігінің мәселелері мен даму перспективалары» тақырыбындағы диссертациясы құрылымы мен мазмұны жағынан жүйелі, зерттеу логикасы дәйекті және нәтижелері тұжырымды деп бағаланады: жұмыста тұтынушылар құқықтарын қорғау институтының дамуы мен эволюциясы, тұтынушының құқықтық мәртебесі, оны қорғау нысандары және жария шарт проблематикасы кешенді талданып, сондай-ақ цифрлық контент пен онлайн-интерфейстердегі манипуляциялық

			тәжірибелерге қарсы құқықтық шаралар ғылыми тұрғыдан негізделген. Рецензияда көрсетілуі мүмкін жекелеген ескертпелер зерттеудің ғылыми-практикалық маңызын төмендетпейді және жұмыстың негізгі нәтижелеріне нұқсан келтірмейді. Осы негізде, аталған диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі талаптарға толық сәйкес келеді, ал автор 6D030100 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сюрикпаева Асель Ораловнаның «Тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігінің мәселелері мен даму перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмыска қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
з. ғ.к., әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
«Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы» кафедрасының профессор-ассистенті _____ **Ермухаметова Саулегул Раймовна**

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

ҚОЛТАҢБАСЫН РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ